

2023-2024 оқу жылында ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда жұмыс жүргізу мақсатында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылды. Жұмыстар жүргізілуде.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Мектепішілік тәрбие жоспарына сай класс сағаттары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде 2023-2026 жылдарға арналған жоспар бойынша жасалды. Осы жоспарға сай класс жетекшілердің жылдық тәрбие сағаттары жасақталып, бекітілді.

Барлық кластағы класс сағаттары және мектепішілік шаралар да осы бағыттар бойынша қамтылады. Сонымен қатар, мемлекеттік қосымша негізгі бағдарлама жолда жүру ережесі 1-8 класс аралығында жүргізіледі. 1-8 кластарда балалардың өмір қауіпсіздігін ескерту мақсатында қауіпсіздік тақырыптарында класс сағаттары өтуде.

Екінші мәселе бойынша С.Карагулова сөз сөйледі: Әр оқу жылында 9-11 класс оқушыларын оқуға орналасуы мектеп әкімшілігінің қатаң бақылауында. 2022-2023 оқу жылында 9 класты 54 оқушы бітірді, 36 оқушы – 10 класқа, 16 оқушы - колледжге орналасты. 2 оқушы басқа мектепке ауысты. 1 оқушы –Білім мектебіне (Сұлтанов Алихан), 1 оқушы (Куликова Карина) Астана қаласына ауысты.

Барлық оқушылардың анықтама қағаздары жинақталып, барлығы оқумен толық қамтылған. Биылғы оқу жылында 11 класты 47 түлек аяқтады, 45 түлек оқуға түсті. оның ішінде ЖОО – 35 оқушы, оның 17 оқушысы ЖОО-да мемлекеттік грант иегері атанды, 18 оқушы ақылы түрде оқуға түсті. Колледжге –10 оқушы түсті, оның 6-уі грант, 4 оқушы ақылы. 2 оқушы оқуға түскен жоқ (Беджанов Исламбек, Оразбаев Марғұлан).

9-класс

	Барлығы	Қыз	Ұл
9-класты бітірді	54	18	36
Колледжге түсті	16	4	12
10-класта оқиды	36	13	23

11- класс

	Барлығы	Қыз	Ұл
Мектеп бітірді	47	27	20
Колледжге түсті	10	6	4
Университетке түсті	35	21	14
Жұмыс жасайды	2	-	2

3 мәселе бойынша мектеп сөз сөйледі: 2023-2024 оқу жылының басында оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында мектепішілік 8 көркемдік-шығармашылық (дебат, хор, вокал, қолөнер, би, журналистика, 3Д, тілдік) және спорттық 4 (волейбол, футбол, тоғызқұмалақ, баскетбол) үйірмелері ашылды. Оқу жылының басында үйірме жетекшілерінің жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері бекітіліп, қатысатын оқушылар тізімі нақтыланды.

Спорттық үйірмелер:

№	Үйірме аттары	Жетекшісі
1	Волейбол ер балалар	Құлынбаев А.А.
2	Волейбол қыз балалар	Зайрымбетов М.І.
3	Футбол ер балалар	Аязбаев С.А.
4	Тоғызқұмалақ	Зайрымбетов М.І
5	Баскетбол	Берібайұлы К

Көркемдік – шығармашылық үйірмелер:

№	Үйірме аттары	Жетекшісі
1	Дебат	Биғапылов Е
2	Балдаурен хор үйірмесі	Әбдібекова Б
3	Вокал үйірмесі	Әбдібекова Б
4	Қолөнер үйірмесі	Шаңғытбаева Г. Танирберген Н.
5	Би үйірмесі	Кусаинова А.
6	Журналистика	Омар Н.
7	3Д техникалық	Зардыхан М.
8	Ағылшын тілі тілдік	Танашева Ж.

Үйірме жұмысының жетекшілерінде жылдық жұмыс жоспары жасалып, кестесі бекітілді. Үйірме жұмыстарына мектеп оқушыларының қатыстырылуы қамтамасыз етіліп, мектепішілік үйірмеге, оның ішінде

Көркемдік-шығармашылық үйірмеге:

1. «Балдаурен» балалар хор үйірмесі-23 оқушы,
2. «Вокал» үйірмесі-16 оқушы
3. Қолөнер үйірмесі-25 оқушы
4. Дебат үйірмесі-22 оқушы
5. Би үйірмесі – 35 оқушы
6. Журналистика үйірмесіне - 25 оқушы
7. 3Д техникалық үйірме-42 оқушы
8. Ағылшын тілі тілдік үйірме-25 оқушы

Көркемдік-шығармашылық үйірмеге барлығы **223 оқушы, 35,9 %** қамтылып отыр.

Спорттық үйірмеге:

Волейболдан ер балалар арасында 23 оқушы,
Волейбол қыз балалар 23 оқушы,
Футболдан ер балалар арасында 25 оқушы,
Тоғызқұмалақ – 30 оқушы,
Баскетбол үйірмесі-25

Спорттық үйірмеге – барлығы **126 оқушы, 20 %** қамтылып отыр.

Мектепішілік үйірмеге 349 қатысым **56,2 %** көрсетіп отыр. Мектеп оқушыларының 14,8% мектептен тыс спорттық үйірмелерге (92 оқушы) қатысады.

Жалпы мектеп оқушыларының ішінде 466 оқушы ішкі, сыртқы спорттық үйірмемен қамтылып, 75,1 % сапаны көрсетіп отыр.

Келесі мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы Г.Джамангарина сөз сөйледі: Мектебімізде Лайықты жұмыс және экономкалық өсу бағытындағы «Мамандық таңдау-экономикалық өсуге мүмкіндік» тақырыбындағы жоба жұмысы жүргізілуде. Ол жобаға жауапты мүшелерінің ішінде өзім де бармын және кеңес мүшесі К.Кенжеғалиевада бар. Таныстыра өтсем:

ЖОБА ТАҚЫРЫБЫ: *«Мамандық таңдау – экономикалық өсуге мүмкіндік»*

ЖОБА МАҚСАТЫ: Оқушыларға кәсіби бағдар бере отырып, кәсіби қызметке деген көзқарастарын қалыптастыру, мамандық таңдауға көмектесу.

ЖОБА МІНДЕТТЕРІ:

- 1.Оқушыларға мамандықтар әлемі туралы біртұтас мағлұмат беру;
- 2.Кәсіптік қызығуымен бейімділігін, қабілетін қалыптастыру, дамыту.
- 3.Баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету, және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау;
- 4.Кәсіби білім беру аясында әлеуметтік серіктестікті дамыту;
- 5.Мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесі;

ЖОБАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР: 5-11 класс оқушылары


ЖОБАҒА ЖАУАПТЫЛАР:

- 1.Карагулова С.Н.-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 2.Джамангарина Г.С. – Қамқоршылық кеңестің төрайымы;
- 3.Кенжеғалиева К.Т.-«Шуақ» аналар кеңесінің төрайымы;
- 4.Жиганова Н.- мектеп психологы;
- 5.Адаева Ж. – Класс жетекшілер бірлестігінің жетекшісі;
- 6.Қанаева Б. – 6Б класының жетекшісі;
- 7.Тыныбекова А. – 11Ә класының жетекшісі;
- 8.Қалиева Ж. – кітапхана меңгерушісі;
- 9.Танашева Ж. Класс жетекші;
- 10.Смадиллаева Г. – аға тәлімгер;
- 11.Ещанов А. – парламент мүшесі.

Жобаның жылдық жоспары бекітілді. Жоспар бойынша оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты 5-11 кластарда сауалнама жүргізу, сыныптағы кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру. Кітапханада «Мен мамандықты таңдаймын» стендін ақпараттық материалдармен толықтыру. «Сенім жәшігі» кәсіп таңдаудағы сұрақтар талданады. Техникалық бағыт бойынша қосымша білім беру бөлімдерімен жұмыстар ұйымдастыру, «Менің болашақ мамандығым» сурет сайысы, Не? Қайда? Қашан? атты мамандық туралы викториналық байқаулар өткізіледі. 5-11 кластың оқушыларына оқу орындарына, аймақтық кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастырылады, «Мамандыққа саяхат» мамандық әлемімен танысу, Колледж, ЖОО мен кездесу. Оқу орындарына, аймақтық кәсіпорындарға экскурсиялар, кәсіптік бағдар беру апталығын өткізу жоспарда бар. Ата-аналарға, оқушыларға жеке кеңестер беру, жалпы мектепшілік ата-аналарға жиналыс өткізу. «Ата-ана жұмысында» бір күн ұйымдастырылады. Мамандықты таңдау бойынша жеке кеңестер беріледі.









Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай және талқылай келе қаулы етеді:

- 1.«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы барлық ата-аналарға таныстырылсын.
- 2.«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы барлық ата-аналарға таныстырылып, жоспар бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
- 3.ЖОО да грант санын көбейту бағытындағы жұмыстар оданда әрі жандандырылсын.
- 4.Класс жетекшілер тарапынан 9-11 класты бітіруші түлектердің оқуға орналасуы туралы анықтама қағазы уақытында жинақталып, ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
5. «Мамандық таңдау-экономикалық өсуге мүмкіндік» тақырыбындағы жоба жұмысы жалғасын тапсын.

Кеңес төрайымы :  Г.Джамангарина

Хатшы:  Қ.Танірберген

Кеңес мүшелері:

	К.Кенжеғалиева
	Ж.Жанетолла
	Р.Байлиева
	М.Исламғалиева
	С.Жолдыбай
	Г.Досова
	А.Тайшыбаев
	А.Халидолла
	Л.Ажбаганбетова
	Н.Хасенова
	А.Тоқсанбаева
	З.Карашулакова
	К.Длимбетова
	А.Қаражігітова
	Э.Азырова
	А.Ещанов